

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ҰЛТТЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМА**

**Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың  
логопедтеріне арналған «ПМПК әлеуметтік-білім беру моделі жағдайында  
білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды логопедтік зерттеу және  
оларға кеңес беру» педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру  
курстарының білім беру бағдарламасы**

**АЛМАТЫ 2020**

## **1. Жалпы ережелер**

1. «ПМПК әлеуметтік-білім беру моделі жағдайында білім алуда ерекше қажеттілігімен балаларды логопедтік зерттеу және кеңес беру» психологиялық-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың логопедтерін оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама ПМПК логопедтерінің балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау, ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардағы сөйлеу дамуының бұзылуына диагностика жасау және кеңес беру мәселелері бойынша біліктілігін арттыруға бағытталған.

3. Курстық оқудың ұзақтығы 72 сағатты, 9 жұмыс күнін құрайды, олардың әрқайсысы күніне 2 сағаттан (8 академиялық сағат) 4 сабақты қамтиды. Курстық сабақтардың мазмұны мен құрылымы осы Бағдарламаның 1 және 2-қосымшаларына сәйкес Бағдарламада және оқу жоспарында көрсетілген.

## **2. Глоссарий**

4. Курс глоссарийі келесі негізгі ұғымдарды қамтиды:

1) Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар (ебқ) – бұл тиісті деңгейдегі білім алу үшін арнайы жағдайларда тұрақты немесе уақытша қажеттіліктерді сезінетін балалар;

2) Білім алуда ерекше қажеттіліктері - бұл ерекше қабілеттер салдарынан немесе туа біткен немесе жүре пайда болған бұзылулардың, сондай-ақ әлеуметтік ортаның қолайсыз факторларының салдарынан туындайтын көмек пен оқу процесіндегі қызметтерге деген қажеттілік;

3) ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау-әзірленген және бекітілген өлшемдерге сәйкес білім алушының, тәрбиеленушінің ерекше білім алу қажеттілігінің деңгейін айқындау;

4) логопедтік зерттеу хаттамасы - сөйлеу дамуының ерекшеліктері мен бұзылуын анықтау мақсатында тиісті қағидаттарды, әдістер мен әдістемелерді пайдалана отырып, балалар мен жасөспірімдерді зерттеу жүргізудің реттелген процесі;

5) сөйлеу бұзылыстарының психологиялық-педагогикалық диагностикасы – балалардың сөйлеу дамуының ерекшеліктері мен ауытқуларын психологиялық-педагогикалық бағалау, клиникалық-педагогикалық және психологиялық жіктеу шеңберіндегі сөйлеу бұзылыстарының түрлері мен дәрежесінің біліктілігі;

6) логопедтік консультация беру - маманның баланың сөйлеу тілі даму проблемалары туралы ақпарат және оларды жеңу үшін қажетті нақты іс-әрекеттер туралы ұсынымдар беруі.

## **3. Бағдарламаның тақырыбы**

5. Біліктілікті арттыру бағдарламасы келесі тақырыптарды қамтиды:

1) 1-тақырып. Инклюзивті білім беру және ҚР әлеуметтік-педагогикалық моделіне көшу жағдайында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қызметі.

2) 2-тақырып. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалар санаттары. ЕБҚ бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.

3) 3-тақырып. Білім алуда ерекше қажеттілігінің түрлері. ПМПК жағдайында Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау критерийлері.

4) 4-тақырып. ПМПК қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері. ПМПК-да кешенді тексеру мен кеңес берудің жалпы принциптері мен тәртібі.

5) 5-тақырып. Онтогенезде тілдің дамуы. Сөйлеу тілінің анатомиялық-физиологиялық, нейропсихологиялық және лингвистикалық механизмдері. Сөйлеу бұзылымдарының жіктелуі.

6) 6-тақырып. Ерте жастағы балаларды логопедтік тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Баланың сөйлеу дамуының мәселелері бойынша отбасына кеңес беру және ұсыныстар беру.

7) 7-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Тіл дамыту мәселелері бойынша баланың отбасына кеңес беру.

8) 8-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Тіл дамыту мәселелері бойынша баланың отбасына кеңес беру.

9) 9-тақырып. Психикалық дамуында әртүрлі бұзылымдары бар балаларды логопедтік зерттеу: есту, көру, интеллект, балалар аутизмі.

10) 10-тақырып. Балалардағы жазбаша және ауызша сөйлеу бұзылымдарына диагностика жасаудың және түзетудің нейропсихологиялық әдістері.

#### **4. Бағдарлама мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелер**

6. Бағдарламаның мақсаты: ПМПК қызметінің әлеуметтік-педагогикалық моделіне көшу жағдайында білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларға логопедтік зерттеу мен кеңес беруді ұйымдастыру мен жүргізуге логопедтерді дайындау.

7. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім беруді дамытудың негізгі бағыттарымен, ҚР инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық базамен таныстыр;

2) инклюзивті білім беру жүйесінде және әлеуметтік-педагогикалық модель жағдайында білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларға көмек көрсетуде ПМПК қызметінің орнын, рөлін және негізгі бағыттарын ашу;

2) Білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалардың әртүрлі санаттарына психологиялық-педагогикалық сипаттама беру;

3) Білім алуда ерекше қажеттілігінің түрлерін және оларды балаларда бағалау өлшемдерін зерделеу;

4) логопедтердің ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды логопедтік зерттеу және кеңес беру саласындағы түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру;

5) психикалық дамуының әртүрлі бұзылымдары бар балалардың сөйлеу ауытқуларына диагностика жасау және кеңес беру бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру.

8. Курс соңында тыңдаушылар:

1) инклюзивтік білім беру принциптерін, ПМПК-ның білім беру жүйесіндегі орны мен рөлін, сондай-ақ әлеуметтік-педагогикалық модель жағдайында ПМПК қызметінің ерекшеліктерін түсіндіреді;

2) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әртүрлі санаттарын сипаттай алады;

3) белгіленген өлшемдерге сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау дағдыларына ие болады;

4) логопедтік тексеру бағдарламасына сәйкес ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тілін зерттеу, сондай-ақ сөйлеуді дамыту проблемалары бойынша ата-аналарға консультация беру дағдыларын меңгереді.

5) психикалық дамуы бұзылған балалардың сөйлеу ауытқуларына диагностика жасау және кеңес беру дағдылары бар.

6) даму проблемалары бар балалардың әртүрлі санаттарын логопедтік тексеру жүргізуде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана алады.

## **5. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны**

9. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, нұсқалылық.

10 Нормативтік-құқықтық модуль:

1) 1-тақырып. ҚР инклюзивті білім беру және әлеуметтік-педагогикалық модельге көшу жағдайында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қызметі: Инклюзивтік білім беру саласындағы халықаралық құқықтық құжаттар: Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенция (ЮНЕСКО, 1960); Бала құқықтары туралы конвенция (БҰҰ, 1989), Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция (БҰҰ, 2006), «Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру саласындағы саясат пен практикалық қызметтің қағидаттары туралы» Саламан декларациясы (1995 ж); Отандық нормативтік құқықтық негіз: ҚР Конституциясы, ҚР заңдары: «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу қолдауын көрсету туралы», Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары.

2) 4-тақырып. ПМПК қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері.

ПМПК-да кешенді тексеру мен консультация жүргізудің жалпы айқындамалары мен тәртібі: «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметінің үлгілік ережелері». «Психологиялық-педагогикалық тексеру және консультация беру» мемлекеттік қызмет стандарты.

11. Психологиялық-педагогикалық модуль:

1) 1-тақырып. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалар санаттары. ЕБҚ бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы: Білім алуда ерекше қажеттілігі бар үш санаттағы балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. Балалардың әртүрлі санаттарын шектеудің психологиялық-педагогикалық өлшемдері;

2) 2-тақырып. Ерекше білім беру қажеттігі бар балалардың санаттары: есту қабілеті (естімейтін, нашар еститін), көру (зағип, нашар көретін), зияттық, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежелген, күрделі бұзылған, эмоциялық-ерік бұзылған, оқытудың ерекше қиындығы бар балалар, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері эмоционалды-мінез-құлық проблемалары мен қоршаған орта факторлары: психологиялық, әлеуметтік, тілдік және өзге де. Ерекше білім беру қажеттігі бар балалардың үш тобының психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. ЕБҚ бар балалардың түрлі топтарының шегіндегі психологиялық-педагогикалық өлшемдер.

3) 3-тақырып. Ерте жастағы балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Баланың сөйлеу дамуының мәселелері бойынша отбасыға кеңес беру және ұсыныстар: ерте жастағы балалардың сөйлеу дамуының ерекшеліктері. Баланың сөйлеу дамуындағы ауытқуларды талдау. Сөйлеу дамуының кешіктірілуінің түрлі нұсқаларын педагогикалық жүйелеу. Баланың сөйлеу дамуының мәселелері бойынша отбасына кеңес беру және ұсыныстар беру;

4) 4-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу дамуының ерекшеліктері. Баланың сөйлеу дамуындағы ауытқуларды талдау. Клиникалық және педагогикалық классификация шеңберіндегі тілдік бұзылымдарының біліктілігі. Баланың сөйлеу дамуының мәселелері бойынша отбасына кеңес беру және ұсыныстар беру;

5) 5-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Сөйлеу дамуының мәселелері бойынша баланың отбасына кеңес беру: мектеп жасындағы балалардың сөйлеу дамуының ерекшеліктері. Оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу бұзушылықтарын талдау. Клиникалық және педагогикалық жіктеу шеңберіндегі тілдік бұзылымдардың біліктілігі. Баланың сөйлеу дамуының мәселелері бойынша отбасына кеңес беру және ұсыныстар беру;

6) 6-тақырып. Психикалық дамуында әртүрлі бұзылымдары бар балаларды логопедтік зерттеу: есту, көру, интеллект, балалардың аутизмі: психофизикалық дамуында әртүрлі бұзылымдары бар балалардың сөйлеу дамуының ерекшеліктері: есту, көру, зият, балалардың аутизмі. ЕБҚ бар

балалардың әр санатының тілдік ауытқуының ерекшелігі. Логопедтік көмектің негізгі шаралары мен бағыттары.

#### 12. Мазмұнды модуль:

1) 3-тақырып. Білім алуда ерекше қажеттілігінің түрлері. ПМПК жағдайында Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау критерийлері: Білім алуда ерекше қажеттілігінің түрлерін сипаттау. Белгіленген өлшемдерге сәйкес Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау алгоритмі. Білім алуда ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша психологтың ұсынымдарын әзірлеу;

2) 6-тақырып. Ерте жастағы балаларды логопедтік тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Баланың сөйлеу дамуының мәселелері бойынша отбасыға кеңес беру және ұсыныстар: ерте жастағы балаларды логопедтік тексерудің міндеттері, шарттары, талаптары және мазмұны. Хаттамаға сәйкес логопедиялық тексеру кезеңдері: сөйлеу анамнезін жинау, баланың әлеуметтік даму жағдайын анықтау, ата-аналармен әңгімелесу, баланың сөйлеу және сөйлеу функцияларын тәжірибелік зерттеу, тексеру нәтижелерін талдау, сөйлеу дамуының мәселелерін бағалау, отбасына кеңес беру және ұсыныстар;

3) 7-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Мектепке дейінгі жастағы балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, шарттары, талаптары және мазмұны. Хаттамаға сәйкес логопедиялық тексеру кезеңдері: сөйлеу анамнезін жинау, баланың дамуының әлеуметтік жағдайын анықтау, ата-аналармен және баламен әңгімелесу, баланың тілін тәжірибелік зерттеу, тексеру нәтижелерін талдау, сөйлеу бұзылымдарының біліктілігі, отбасына кеңес беру және ұсыныстар;

4) 8-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Сөйлеу дамуының мәселелері бойынша баланың отбасына кеңес беру: мектеп жасындағы балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, шарттары, талаптары және мазмұны. Хаттамаға сәйкес логопедтік зерттеу кезеңдері: сөйлеу анамнезін жинау, баланың әлеуметтік даму жағдайын анықтау, ата-аналармен және баламен әңгімелесу, баланың ауызша және жазбаша сөйлеуін тәжірибелік зерттеу, тексеру нәтижелерін талдау, сөйлеу бұзылымдарының біліктілігі, отбасына кеңес беру және ұсыныстар;

5) 9-тақырып. Психикалық дамуында әртүрлі бұзылымдары бар балаларды логопедтік зерттеу: есту, көру, интеллект, балалардың аутизмі бар балаларды логопедиялық тексеру: есту, көру, интеллект, балалардың аутизмі бар балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, шарттары, талаптары және мазмұны. Хаттамаға сәйкес логопедтік зерттеу кезеңдері: сөйлеу анамнезін жинау, баланың әлеуметтік даму жағдайын анықтау, ата-аналармен және баламен әңгімелесу, баланың ауызша және жазбаша сөйлеуін тәжірибелік зерттеу, тексеру нәтижелерін талдау, сөйлеу бұзылымдарының біліктілігі, отбасына кеңес беру және ұсыныстар.

#### 13. Технологиялық модуль:

1) 6-тақырып. Ерте жастағы балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Баланың сөйлеу дамуының мәселелері бойынша

отбасына кеңес беру және ұсыныстар беру. Зерттеу әдістері мен тәсілдері: артикуляциялық аппараттың құрылысы мен қозғалғыштығы; дыбыс айту және буындық құрылым; импрессивті және экспрессивті сөйлеу: сөздік қор, грамматикалық құрылым, фразалық сөйлеу;

2) 7-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Тіл дамыту мәселелері бойынша баланың отбасына кеңес беру. Зерттеу әдістері мен тәсілдері: артикуляциялық аппараттың құрылысы мен қозғалғыштығы; дыбыс айту және буындық құрылым; фонематикалық есту, праксис; импрессивті және экспрессивті сөйлеу: сөздік қор, грамматикалық құрылым, фразалық және байланысқан сөйлеу.

3) 8-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Тіл дамыту мәселелері бойынша баланың отбасына кеңес беру. Зерттеу әдістері мен тәсілдері: артикуляциялық аппараттың құрылысы мен қозғалғыштығы; дыбыс айту және буындық құрылым; фонематикалық есту, праксис; импрессивті және экспрессивті сөйлеу: сөздік қор, грамматикалық құрылым, фразалық және байланысқан сөйлеу; жазбаша сөйлеу: жазу, оқу;

4) 9-тақырып. Психикалық дамуында әртүрлі бұзылымдары бар балаларды логопедтік зерттеу: есту, көру, интеллект, балалар аутизмі. Әр түрлі санаттағы балалардың зерттеу әдістері мен тәсілдері: артикуляциялық аппараттың құрылысы мен қозғалғыштығы; дыбыс айту және буындық құрылымы; фонематикалық есту, праксис; импрессивті және экспрессивті сөйлеу: сөздік қоры, грамматикалық құрылымы, фразалық және байланысқан сөйлеу.

#### 14. Нұсқалылық модуль:

1) жазу және оқу дағдыларын меңгеру қиындықтарының тілдік даму проблемаларын бағалауға және мектеп психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметіне ұсыныстар жасауға нейропсихологиялық көзқарас. Ауызша және жазбаша сөйлеу бұзылымдарын тексеру мен бағалаудың нейропсихологиялық әдістері. Жазу және оқу дағдыларын меңгеру қиындықтарын жеңуде түзетудің нейропсихологиялық әдістерін қолдану (Онтогенезді ауыстыратын әдіс. А.В. Семенович, Т.П.Бессонова, Т.М. Иншакова).

15. Нұсқалылық модульдің тақырыбын тыңдаушылар кіріспе сауалнама барысында анықтайды.

## 6. Оқу процесін ұйымдастыру

16. Біліктілікті арттыру курстары төмендегідей режимде ұйымдастырылады:

1) Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі -ОТЖ) сәйкес күндізгі оқу. Күндізгі курстардың ұзақтығы 72 сағатты құрайды. Күндізгі бір апталық

курстарды ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағат саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізілу түрі өзгеріссіз қалады;

2) аралас оқыту курсының оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес аралас оқыту режимін және оқытудың үш кезеңін қамтиды: күндізгі – 16 сағат, қашықтан - 8 сағат, өз бетінше-48 сағат. Күндізгі оқу курстың бірінші және соңғы күнінде өткізіледі.

17. Білім беру үрдісіне оқытудың интерактивті түрлері мен әдістері: дәріс, семинар, топтарда және жұптарда практикалық жұмыс, топтарда тренинг, мастер-класс, кейстер әдісі, сұрақтарды бірлесіп шешу, сондай-ақ вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес беру және аралас оқыту режимінде курс үшін тыңдаушыны өз бетінше оқыту кіреді.

18. Логопедтердің Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыруы үшін мыналар қарастырылған: топтарда жұмысты одан әрі талқылау және рефлексиямен кеңінен пайдалану; құжаттамамен жұмыс істеу; теорияның және кейс-стадияның негізгі мәселелерін шағын топтарда талқылау, кейіннен ұжымдық жұмыстарды таныстыру, логопедтердің командалық жұмысының тренингі.

## **7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасы**

19. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

- 1) ПМПК логопедтерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 2) хаттамаға сәйкес Білім алуда ерекше қажеттілігі және логопедтік зерттеу кезеңдерін талдау өлшемдері бойынша үлестіру материалдары;
- 3) балалар мен жасөспірімдерді логопедтік зерттеу бойынша оқу-әдістемелік материалдар, бейнематериалдар.
- 5) сауалнама парақтары, бақылау және өзіндік жұмыстар материалдары.

## **8. Оқыту нәтижелерін бағалау**

20. Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, экспресс-сұрау, қорытынды тестілеу, сондай-ақ аралас оқыту режимінде курс үшін аралық тестілеу өткізіледі. Өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, сұрау парақтары, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі - ОӘК) енгізілген.

21. Оқыту нәтижелерін бағалау келесі бағалау өлшемдеріне сәйкес жүзеге асырылады:

1-өлшем. Инклюзивтік білім беру жүйесіндегі ПМПК логопедтің рөлін түсіну. Бағалау түрі: бақылау жұмысы. Бағалаудың құрама бөліктері: 1) білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес логопедтің қызметін білу; 2) ПМПК-да кешенді тексеру мен консультация берудің жалпы қағидаттары негізінде логопедтің диагностикалық-консультациялық жұмысын білу.

2-өлшем. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әртүрлі



санаттарының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын білу. Бағалау түрі: тестілеу. Бағалаудың құрама бөліктері: 1) ЕБҚ бар балаларды бірінші, екінші және үшінші топтарға бөлудің психологиялық-педагогикалық өлшемдерін қолдана білу; 2) әр топта сөйлеу бұзылымдарының өлшемдерін белгілей білу.

3-өлшем. ПМПК-да әртүрлі жастағы әртүрлі проблемалары бар балаларды педагогикалық тексеруді ұйымдастыру және жүргізу дағдылары. Бағалау түрі: өзіндік жұмыс - балаларды тексеру бағдарламасын құрастыру. Бағалаудың құрама бөліктері: педагогикалық тексеруді ұйымдастыра білу және әртүрлі әдістерді, оның ішінде жасына (ерте, мектепке дейінгі, мектептегі) және баланы оқыту мен тәрбиелеу проблемаларының сипатына қарай АКТ-ны пайдалана білу.

4-өлшем. Түрлі психикалық даму бұзылымдары бар балаларды педагогикалық тексере және кеңес бере білу. Бағалау түрі: өзіндік жұмыс - балалардың аутизм және зияттық бұзылымдары бар тобына аутизмнің және зияттық жеткіліксіздігіне байланысты педагогикалық тексеру және кеңес беру алгоритмін құру. Бағалаудың құрама бөліктері: 1) логопедтік тексерудің әртүрлі стратегиялары мен тәсілдерін қолдана білу; 2) аутизмі бар баланы оқыту және тәрбиелеу бойынша отбасына кеңес бере білу.

5-өлшем. Клиникалық-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық жіктеме шеңберінде сөйлеу бұзылымдарының диагностикалық өлшемдері қолдану білігі. Бағалау түрі: тест тапсырмасы. Бағалаудың құрама бөліктері: 1) балалардың түрлі сөйлеу бұзылымдарының негізгі өлшемдерін анықтай білу; 2) балалардың түрлі сөйлеу бұзылымдарына сарамалы диагностика жүргізуге қабілеттілігі.

Қорытынды бақылау жұмысы қорытынды жұмысты орындауға және ресімдеуге қойылатын көрсетілген талаптармен кейс-стади нысанында жүргізіледі. Курсанттарға ерте жастағы сөйлеуді дамытудың түрлі проблемалары бар балалардың сөйлеу мәртебесін сипаттау ұсынылады. Курсанттың міндеті - логопедтік зерттеу бағдарламасын құру, сөйлеу бұзылымының сипаты мен түрін анықтау.

Бағалау нәтижелері (алынған кері байланыс) негізінде дәрістер мен практикалық сабақтардың мазмұнына түзетулер енгізіледі, оларды өткізу үшін қосымша материал іріктеледі, курстан кейінгі сүйемелдеуге түзетулер енгізіледі.

## **9. Курстан кейінгі қолдау**

22. Курстан кейінгі сүйемелдеу қашықтан консультациялар, онлайн-форумдар, тәжірибе алмасу түрінде жүзеге асырылады.

23. Педагог курс аяқталғаннан кейінгі бірінші күнтізбелік жыл ішінде курс тақырыбы бойынша үш дербес жұмысты, үш жыл ішінде жылына бір рет - білім беру ұйымының басшысы куәландырған кәсіптік даму нәтижелері туралы белгіленген нысандағы есепті ұсынады.

24. Педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу мониторингі

жылына бір рет үш жыл ішінде педагогтер ұсынған дербес жұмыстарды, кәсіптік даму нәтижелері туралы есептерді талдау нәтижелері бойынша жүргізіледі.

25. Мониторинг нәтижелері бойынша біліктілікті арттыру бағдарламасын түзету жүзеге асырылады.

## **10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі**

22. Курс бойынша негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары (Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 жарлығы).

2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы заңы».

3. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-II «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңы.

4. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңы.

5. Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары / ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

6. Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР БҒМ 14 ақпандағы №66 бұйрығы.

7. Выготский Л.С.«Диагностика развития и педологическая клиника трудного детства». Собрание сочинений в 6 т. Т.5. - М.,1983.

8. Лурия А.Р., Годович Ф.Я.. Речь и развитие психических процессов.

9. Елисеева М.Б. Речевой онтогенез: взгляд лингвиста // Логопед.- 2005. - № 4.- С.11-18.

10. Волкова Г.А. Психолого-логопедическое исследование детей с нарушениями речи. СПб., 1993.

11. Методы обследования речи у детей /Сост. Бессонова Т.П., под общей редакцией Власенко И. Т. и Чиркиной Г. В. - М., 1992. ч.1.

23. Курс бойынша қосымша әдебиеттер:

1. Жукова Н.С., Мастюкова Е.М., Филичева Т.Б. Преодоление общего недоразвития речи у дошкольников. - М. 1990.

2. Лалаева Р.И. Нарушения чтения и пути их коррекции у младших школьников.- СПб., 1998.

3. Садовникова И.Н. Нарушения письменной речи и их преодоление у младших школьников. - М. , 1995.

4. Сулейменова Р.А., Ерсарина А.К., Алпысова А.Б. и др. Диагностика психического развития в раннем детстве. – Алматы, 2000.

5. Психолого-медико-педагогическое обследование детей дошкольного и младшего школьного возраста. /Ерсарина А.К., Сулейменова Р.А., Айтжанова Р.К. и др. – Алматы, 2000.

6. Ерсарина А.К., Айтжанова Р.К. Диагностика нарушений психофизического развития у детей. Ч.3. Клиническая и психоого-педагогическая классификация речевых нарушений у детей. Справочн-методическое руководство для специалистов ПМПК. Алматы, 2010г.

7. Детский аутизм. Диагностика и консультирование. Практическое руководство для специалистов психолого-медико-педагогических консультаций. /авторы- составители Ерсарина А.К. Айтжанова Р.К. / - Алматы – 2011.

8. Семенович А.В. Нейропсихологическая диагностика и коррекция в детском возрасте. М.2002г.

«ПМПК әлеуметтік-білім беру моделі жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды логопедтік зерттеу және оларға кеңес беру» педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына» 1-қосымша

### Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыптары	Лекция	Практикалық сабақтар	Тренинг	Мастер-класс	ВПС	Дөңгелек үстел	Шағын-сабақты таныстыру	Тест	Барлығы
<b>1</b>	<b>Нормативтік-құқықтық модуль</b>	<b>6</b>								<b>6</b>
1.1	ҚР инклюзивті білім беру және әлеуметтік-педагогикалық модельге көшу жағдайындағы ПМПК қызметі.	4								4
1.2	ПМПК қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері. ПМПК-да кешенді тексеру мен кеңес берудің жалпы айқындамалары мен тәртібі.	2								2
<b>2</b>	<b>Психологиялық-педагогикалық модуль</b>	<b>19</b>		<b>7</b>						<b>26</b>
2.1	ЕБҚ бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.	2								2
2.2.	Онтогенезде тілдің дамуы. Сөйлеу тілінің анатомиялық-физиологиялық, нейропсихологиялық және лингвистикалық механизмдері. Сөйлеу бұзылымдарының жіктелуі.	4		2						6
2.3.	Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың сөйлеу дамуының ерекшеліктері. Баланың сөйлеу дамуының мәселелері бойынша отбасына кеңес беру және ұсыныстар беру.	9		3						12
2.4.	Психикалық дамуының әртүрлі бұзылымдары бар балалардың сөйлеу дамуының ерекшеліктері	4		2						6
<b>3</b>	<b>Мазмұнды модуль</b>	<b>11</b>	<b>3</b>	<b>2</b>					<b>1</b>	<b>17</b>
3.1	Ерекше білім беру қажеттілік түрлері. ПМПК жағдайында	4		2						6

	Білім алуға ерекше қажеттіліктерін бағалау өлшемдері.									
3.2.	Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны	5	3						1	9
	Психикалық дамуында әртүрлі бұзылымдары бар балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, хаттамалары мен мазмұны.	2								2
<b>4</b>	<b>Технологиялық модуль</b>	<b>10</b>	<b>4</b>		<b>4</b>				<b>1</b>	<b>19</b>
4.1	Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеуін зерттеудің әдістері мен тәсілдері	6			4					10
4.2	Мектеп жасындағы балалардың ауызша және жазбаша тілін зерттеудің әдістері мен тәсілдері.	2	2						1	5
4.3	Психикалық дамуында әртүрлі бұзылымдары бар балалардың сөйлеу тілін зерттеу әдістері мен тәсілдері.	2	2							4
<b>5</b>	<b>Нұсқалылық модуль</b>	<b>4</b>								<b>4</b>
5.1	Ауызша және жазбаша сөйлеу бұзылымдарын тексеру мен бағалаудың нейропсихологиялық әдістері.	2								
5.2	Жазу мен оқуды меңгеру қиындықтарын жеңуде түзетудің нейропсихологиялық әдістерін қолдану.	2								
<b>Барлығы:</b>		<b>50</b>	<b>7</b>	<b>9</b>	<b>4</b>				<b>2</b>	<b>72</b>

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.



	ерекшеліктері. Баланың сөйлеу дамуының мәселелері бойынша отбасына кеңес беру және ұсыныстар беру.								
2. 4.	Психикалық дамуының әртүрлі бұзылымдары бар балалардың сөйлеу дамуының ерекшеліктері				1			5	6
3	<b>Мазмұнды модуль</b>	<b>4</b>			<b>2</b>			<b>11</b>	<b>17</b>
3.1	Ерекше білім беру қажеттілік түрлері. ПМПК жағдайында Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау өлшемдері.	1			1			4	6
3.2	Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны	2						4	6
3.3	Психикалық дамуында әртүрлі бұзылымдары бар балаларды логопедтік зерттеудің міндеттері, хаттамалары мен мазмұны.	1			1			3	5
4	<b>Технологиялық модуль</b>	<b>4</b>					<b>2</b>	<b>13</b>	<b>19</b>
4.1	Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеуін зерттеудің әдістері мен тәсілдері	2						6	8
4.2	Мектеп жасындағы балалардың ауызша және жазбаша тілін зерттеудің әдістері мен тәсілдері.	1					1	3	5
4.3	Психикалық дамуында әртүрлі бұзылымдары бар балалардың сөйлеу тілін зерттеу әдістері мен тәсілдері.	1					1	4	6

5	<b>Нұсқалылық модуль</b>	2							<b>2</b>	<b>4</b>
5.1	Ауызша және жазбаша сөйлеу бұзылымдарын тексеру мен бағалаудың нейropsychологиялық әдістері.	1							1	2
5.2	Жазу мен оқуды меңгеру қиындықтарын жеңуде түзетудің нейropsychологиялық әдістерін қолдану.	2							1	2
<b>Барлығы:</b>		<b>16</b>			<b>7</b>		<b>3</b>		<b>48</b>	<b>72</b>

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.